

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы
ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ШЕШІМІ**

Нұр-Сұлтан қ.

2020 жылғы 28 желтоқсан

№ 25

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысының 44-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 157 қаулысының негізінде, «Акционердің құқықтары бойынша өкілеттіктерді беру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 185 бұйрығының негізінде әрекет ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетов тұлғасында Жалғыз акционер, **ШЕШТІ:**

1. Қоғамның жарияланған акцияларының саны 10 000 000 (он миллион мың) дана жай акцияларға ұлғайтылсын.

Қоғамның жарияланған акцияларының ұлғаюы нәтижесінде Қоғамның жай акцияларының жалпы саны 521 697 218 (бес жүз жиырма бір миллион алты жүз тоқсан жеті мың екі жүз он сегіз) дана болады.

2. Қоғамның Басқарма Төрағасы Е.С. Оспанов Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарияланған акциялардың шығарылымы проспектісіне өзгерісті мемлекеттік тіркеуге және оларды жарияланған акциялар санының шегінде орналастыруға байланысты іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Төрағасының
орынбасары**



А. Баймағамбетов

**РЕШЕНИЕ ЕДИНСТВЕННОГО АКЦИОНЕРА
акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»**

г. Нур-Султан

№ 25

28 декабря 2020 года

**Об увеличении количества объявленных акций
акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»**

В соответствии с подпунктом 3) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», подпунктом 4) пункта 44 Устава акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости» (далее – Общество), на основании постановления Правления Национального Банка Республики Казахстан от 28 декабря 2020 года № 157 «О внесении изменений в некоторые постановления Правления Национального Банка Республики Казахстан» Единственный акционер, в лице заместителя Председателя Национального Банка Республики Казахстан Баймагамбетова А.М., действующего на основании приказа Председателя Национального Банка Республики Казахстан от 29 июня 2020 года № 185 «О делегировании полномочий по правам акционера», **РЕШИЛ:**

1. Увеличить количество объявленных акций Общества на 10 000 000 (десять миллионов) штук простых акций.

В результате увеличения объявленных акций Общества общее количество простых акций Общества составит 521 697 218 (пятьсот двадцать один миллион шестьсот девяносто семь тысяч двести восемнадцать) штук.

2. Председателю Правления Общества Оспанову Е.С. в установленном законодательством Республики Казахстан порядке осуществить мероприятия, связанные с государственной регистрацией изменения в проспект выпуска объявленных акций и их размещением в пределах объявленного количества акций.

3. Настоящее решение вступает в силу со дня его подписания.

**Заместитель Председателя
Национального Банка
Республики Казахстан**



А. Баймагамбетов